

Ел игілігіне қызмет еткен ғалым

Бүкіл саналы ғұмырын туған елінің өсіп-өркендеуіне арнаған абзал тұлғаның бірі — Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әбдіқаппар Әшімұлы.

Ол Жамбыл облысы, бұрынғы Көктерек ауданы Бірлік ауылында дүниеге келіп, бала күнінен тағдырдың тауқыметін көріп өсті. Буыны қатып, белі бекімей жатып анасынан айырылды. «Тағдыр бір айналдырса шыр айналдырады» дегендей, әкесіне жала жабылып, тұтқынға алынды. Әшім аға қарт анасына төрт жасқа енді толған Әбдіқаппарды аманаттап, өзі айдалып кете барды. Әкесі сол кеткеннен қайтып оралмады. Тағдырдың осы теперіші кейіпкерімізді ерте есейтті.

Заңғар жазушы Шерхан Мұртаза өз замандастары туралы: «Біз жетім өмір, қиын тағдыр, ауыр күндердің куәсі болған ұрпақпыз» деп жазған еді. Қаламгер айтқандай, қатал тағдыр әлі ана сүтінің дәмі аузынан кеппеген бала Әбдіқаппарды қанша сынағанымен, ағысы қатты теңізге қарсы жүзген кемедей, қиындықтан шарболатша шындалған ол сұрапыл заманның соқпағына жұтылмай, өз жолын таба білді.

Жеті жасқа толып, мектеп табалдырығын аттаған Әбдіқаппар оқуға өте зерек болғанымен, жоқшылықтың кесірінен мектепке бара алмай қалды. Кейіннен Несіпкүл әпкесінің арқасында Жаңатөтен ауылына көшіп келіп, оқуын әрі қарай жалғастырды. Орта мектепті ойдағыдай тәмамдап, Алматыдағы Қазақ тау-кен металлургия институтына оқуға түсті. Оны 1960 жылы «Металлургия үрдістерін автоматтандыру» мамандығы бойынша үздік тәмамдады. Содан кейін мүйізі қарағайдай ғалымдардың назарына ілігіп, Мәскеудегі аспирантураға жолдама алды. Күрделі мамандықтың қыр-сырын терең меңгеріп, 1964 жылы

«Математикалық модель көмегімен қышқылдатылған никель рудаларын шахталық қорыту» тақырыбындағы кандидаттық жұмысын қорғап, техника ғылымдарының кандидаты атанды.

Мәскеуден ғылыми еңбегін абыройлы қорғап келген Әбдіқаппар көп ұзамай өзі білім алған қарашаңыраққа қызметке орналасты. Алғашында доцент, кафедра меңгерушісі секілді қызмет баспалдағынан өтіп, дара жолын қалыптастыра білді. Жауапкершілігі жоғары басшылық қызметте жүрсе де, ол ғылымды бәрінен жоғары қойды. Ғалымның негізгі зерттеу нысанасы – кибернетика саласы. Сол жылдары осы ғылым саласы КСРО көлемінде енді қолға алынып жатқан еді.

Әбекең өзінің ғана емес, тұтас ел азаматының ғылым саласында үздік болғанын қалады. Студенттермен де жиі кездесіп, тәжірибесін бөлісетін. Қаншама қат-қабат жұмыспен жүрсе де, шәкірттеріне бағыт-бағдар беруге де уақыт табатын. Мәскеу қаласынан кандидаттық диссертация қорғап келген күннен бастап, «Автоматика және есептеу техникасы» факультетінің құрамында тұңғыш рет «Металлургиялық үрдістерді автоматтандыру», «Техникалық кибернетика» кафедраларын жасақтады.

Жанкешті ғалым 1972 жылы 35 жасында Мәскеудегі болат және қорытулар институтында «Шахталық пештерде түсті металдардың рудаларын және концентраттарын қорытуды автоматты басқару» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Төрт жылдан кейін Қазақ политехникалық институтына ректор (1975–1983)



болып тағайындалды. Бұл кезде ол небәрі 39 жаста еді. Басшылық қызметке кіріскеннен бастап кибернетика ғылымының жан-жақты дамуына күш-жігерін жұмсады. Кейіннен геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтың есімі берілген Қазақ политехникалық институтында 11 жылға жуық басшылық қызмет атқарды. Аталған кезеңде жоғары оқу орнында көптеген иіп бастама қолға алынып, шетелдіктермен бірлескен ғылыми зерттеулер ұйымдастырылды. Атап айтар болсақ, институт 1981, 1982, 1983 жылдары КСРО жоғары оқу орындары арасында одақ көлемінде Кәсіподақ орталық комитетінің I дәрежелі дипломымен марапатталды.

Қашанда адал еңбекпен елықыласына бөленген Әбдіқаппар Әшімұлы еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін де, ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосты. 90-жылдары Ұлттық ғылым академиясының Информатика және басқару проблемалары институтын ашып, оның алғашқы директоры болды. Институт жұмысын жаңаша бағытта ұйымдастырып, ел экономикасына оң өзгеріс әкелетін тың

бағдарламаларды игеру жолында қыруар жұмыс атқарды.

Бұдан кейін ғалым 1994 жылы Министрлер кабинетінің Қаулысымен Жоғары аттестациялық комиссия төрағасы болып сайланып, аталған саланың нормативтік-әдістемелік базасын жаңадан жасақтады. Жас мемлекеттің іргетасын нығайтып, қыруар шаруаның бел ортасында жүрсе де, Әбдіқаппар Әшімұлы басқару жүйесі теориясы және техникалық кибернетика саласындағы ірі маман ретінде әу баста өзі негізін қалаған кибернетика саласына мейлінше көңіл бөлді. Оның жетекшілігімен 10 докторлық, 44 кандидаттық диссертация қорғалды.

Өмірінің соңғы жылдары ғалым Информатика және басқару проблемалары институты «Жүйелік талдау және басқару» лабораториясының меңгерушісі, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті «Киберқауіпсіздік, ақпараттарды сақтау және өңдеу» кафедрасының профессоры ретінде қызмет атқарды. Осы жылдары академик көптеген зерттеулер жүргізіп, мәліметтерді сақтау

және білім инженериясы саласында оларды индентификациялаудың тың әдістерін ұсынды. Соның бірі – конфигурация және динамикалық жеке импульсты модуляциясы өзгертін автоматтандырылған басқару жүйелері теориясын жасап шығуы еді. Осы орайда, атап өтуге тұратын оқиға – ғалымның 460-қа жуық ғылыми еңбегі мен 23 монографиясы заман талабы бойынша есептелетін халықаралық Scopus бірыңғай реттік базасында жарық көруі.

Академик Әбдіқаппар Әшімұлының нарықтық экономиканың дамуын үйлестірудің параметриялық теориясы жайында жасаған ғылыми баяндамасы АҚШ, Ресей және Еуропа елдері ғалымдарының жоғары бағасына ие болды. Әсіресе Германия, Франция, Болгария, Латвия, Италия, Жапония мен Сингапурда өткен халықаралық ғылыми конференция мен конгресте ғылыми еңбектері ұсынылғаны мақтанарлық оқиға.

Парасаттылық пен адамгершілікті бәрінен жоғары қоя білетін академик ағамызбен етене араластым. Әсіресе жаратылыстану бағытындағы ғылыми зерттеулердің бағыты турасында көп пікір алмастынбыз. Ол кісінің қазіргі жылдам өзгерістерге де қатты көңіл бөліп, бұл прогрестен қалып қоймауымыз керек деген сөзі көкейімізде қалып қойды. Әбдіқаппар Әшімұлы тағы бір кездесуде экономика және математикалық модельдеу бағытында ғылыми еңбектер жазып жүргенін, оны автоматтандырылған есептеу жүйесіне салатын елімізде мамандардың аздығы қатты ойлаңдырады дей отырып, бұл салада программистер даярлау қажет деген еді.

Жалпы, академик Әшімұлы елдің болашағы ақылды технологиялардың дамуына тікелей

байланысты екенін ертеден-ақ түсінген ғалым. Өйткені ол өз заманындағы өзгерістерді ғана емес, болашақты да болжай алатын қабілетке ие адам. Ол информатизацияны тек техникалық үдеріс ретінде емес, қоғамды жаңғыртудың негізгі іргетасы деп санады.

Әбдіқаппар Әшімұлының бастамасын негізге алған еліміздегі Ақпараттық және есептеу технологиялары институты қазіргі таңда ғылыми ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты дамытуды мықтап қолға алды. Сондай-ақ ақпарат саласында озық үлгілерді еркін меңгерген жас ғалымдар мен жоғары деңгейлі мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлін отыр. Ғылым ордасы инновациялық экожүйе мен технологияларды трансферлеуді дамытуға да ерекше үлес қосып келеді. Өйткені бүгінде АЕТИ Қазақстандағы зияткерлік әлеуетті дамытуда және заманауи технологияларды болашаққа ілгерілетуде маңызды рөл атқарады.

Сөзімізді түйіндер болсақ, бүкіл саналы ғұмырын туған елінің өсіп-өркендеуімен тығыз ұштастырған академик Әбдіқаппар Әшімұлы артына мәңгі сарқылмас мұра қалдырып кетті. Ғалым қалыптастырған ғылыми мектебінің өзі бір төбе. Талай жылғы қажырлы еңбектің нәтижесі болған ғылыми кітаптары бүгінгі және бұдан кейінгі де өсер ұрпақтың қазынасына айналары ақиқат. Қазақтың «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», деген қанатты сөзі жайдан-жай айтылмағанының бір дәлелі осы болса керек.

Мақтағали БЕКТЕМЕСОВ,

ҒБМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының бас директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор